

# **ЗАҢНАМАНЫ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ САЯСАТЫ**

## **КІРІСПЕ**

KAZ Minerals өз қызметінің барлық салаларында ашық болу мәдениетін дамытуға және адалдық пен есептіліктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылады. Егер мәселе уақытылы хабарланса және ол бойынша шаралар қабылданса, бұл жағымсыз салдардың ауырлығын төмендетеді және кейінгі бұзушылықтардың алдын алады.

KAZ Minerals заңсыз болып табылатын немесе KAZ Minerals саясатын бұзатын кез келген мінез-құлық, кез келген қаржылық жосықсыздық немесе адамға қауіп төндіретін немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін кез келген әрекеттер немесе әрекетсіздік туралы кез келген хабардарлық немесе алаңдаушылық туралы жедел хабарлауды белсенді түрде көтермелейді. KAZ Minerals барлық өтініштерді мұқият тексеруді және қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

**KAZ Minerals осы Саясатқа сәйкес кеңес алуға адал ниет білдірген, алаңдаушылық білдірген немесе ақпаратты хабарлаған кез келген адамға қарсы ешқандай шара қолданбайды немесе жазаламайды және қудалаудың кез келген түріне жол бермейді.**

## **МАҚСАТЫ**

Бұл саясатта қызметкерлер мен басқа адамдар қандай да бір мәселелер бойынша өздерінің қауіптенуін қалай айта алатындығы және қандай шаралар қолданылатыны түсіндіріледі.

## **ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

Осы Саясат барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге (тұрақты, уақытша және келісімшарт бойынша жұмыс істейтін), іссапарға жіберілген қызметкерлерге, агенттік қызметкерлеріне ("Ішкі жұмыскер"), сондай-ақ жеткізушілерге, консультанттарға, агенттерге, дистрибьюторларға және кез келген Топ мүшесінің және Топтың кез келген мүшесі ынтымақтасатын кез келген тұлғаның атынан әрекет ететін кез келген басқа адамдарға қолданылады ("Сыртқы жұмыскер"). Осы Саясатта қажет болған жағдайда Ішкі жұмыскерлер мен Сыртқы жұмыскерлер бірлесіп "Жұмыскер" немесе "Жұмыскерлер" деп аталады.

Жұмыскерлер KAZ Minerals, оның жұмыскерлері немесе KAZ Minerals атынан іс-әрекет ететін кез келген тұлғалардың мінез-құлқына қатысты өз алаңдаушылықтары туралы хабарлауға тиіс. Басшылар KAZ Minerals серіктестерін осы қызметтің қолжетімділігі туралы белсенді түрде хабардар етуі тиіс.

## **САЯСАТ**

KAZ Minerals компаниясы қызметкерлерді жұмыс орнындағы кез келген жосықсыз мінез-құлық жағдайларына қатысты алаңдаушылық туралы мүмкіндігінше ертерек хабарлауға шақырады. KAZ Minerals жұмыскердің белгілі бір мәселе туралы барлық ақпараты болмауы мүмкін екенін мойындайды, бірақ бұл проблеманы хабарлаудың кешігуіне себеп болмауы керек.

Төменде хабарлауға болатын мәселелердің шағын тізбесі берілген:

- Кез келген адамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекеттер немесе әрекетсіздік.
- Қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық.
- KAZ Minerals компаниясының атын оның қызметкерлері немесе іскерлік серіктестері өздерінің бөлімшесі үшін, өзі үшін әділетсіз немесе заңсыз қаржылық артықшылық алу мақсатында алдап пайдалануы.
- Қаржылық есептілікке тікелей немесе жанама әсер ететін қасақана бұрмаланулар.
- Кез келген заңды міндеттемелерді немесе ішкі саясат пен процедураларды айтарлықтай сақтамау.
- KAZ Minerals немесе оның жұмыскерлерінің қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі.
- Ішкі қаржылық бақылаудың айтарлықтай бұзылуы.
- Бопсалау, сыбайлас жемқорлық, салық төлеуден жалтару немесе парақорлық.
- Кәсіби емес немесе этикаға жатпайтын мінез-құлық.
- Жоғарыда аталған мәселелердің кез келгеніне қатысты ақпаратты әдейі жасыру.

KAZ Minerals кеңес алу үшін адал ниетпен жүгінетін, алаңдаушылық білдіретін немесе кез келген теріс қылықтар, заңсыз іс-әрекеттер немесе заң бұзушылықтар туралы хабарлайтын кез келген жұмыскерге қатысты қудалаудың қандай да бір нысандарына жол бермейді. KAZ Minerals осындай қауіптер туралы хабарлау нәтижесінде Ішкі жұмыскерлерді қудалаудан, қорқытудан немесе тәртіптік шараларды қолданудан қорғауды қамтамасыз етеді; қудалау болғанын білетін немесе күдіктенген кез келген Ішкі жұмыскер бұл туралы өз бөлімшесінің Комплаенс-офицеріне немесе Қазақстандағы немесе Қырғызстандағы бас Комплаенс-офицерге немесе компанияның Ұлыбританиядағы Корпоративтік хатшысына немесе Speak Up қызметі арқылы тікелей хабарлауы тиіс. Тергеуге қатысатын немесе көмектесетін Ішкі жұмыскерлер де қорғалады.

### **Проблемалық мәселе туралы хабарлама**

Компанияда дұрыс емес мінез-құлық, заңнаманы немесе ішкі нормативтік құжаттарды бұзу орын алды немесе орын алды деп санайтын Ішкі жұмыскер бастапқыда өзінің тікелей басшысына жазбаша өтінішпен жүгінуі керек, басшы әдетте жағдайды жақсы білуі және көмек көрсете алуы және мәселені тез шеше алуы мүмкін. Егер мәселе шешілмесе, Ішкі жұмыскер осы мәселемен өз бөлімінің басшысына немесе өз бөлімшесінің Комплаенс-офицеріне немесе Қазақстандағы немесе Қырғызстандағы бас Комплаенс-офицерге немесе Ұлыбританиядағы Корпоративтік хатшыға жүгінуі тиіс. Алайда, егер Ішкі жұмыскерге осы ішкі нұсқалардың бірін пайдалану ыңғайсыз болса, онда KAZ Minerals Speak Up қызметін пайдалана отырып, тәуелсіз үшінші тарапқа проблемалар туралы хабарлаудың қосымша мүмкіндігі бар.

Дұрыс емес іскерлік мінез-құлық немесе заңнаманы бұзу фактісі орын алды немесе орын алды деп негізді түрде сенетін Сыртқы жұмыскер алдымен KAZ Minerals компаниясындағы өзінің байланыс жасайтын тұлғасына жазбаша өтінішпен жүгінуге тиіс. Сонымен қатар Сыртқы жұмыскердің KAZ Minerals компаниясының Speak Up қызметін пайдалана отырып, мәселе туралы тәуелсіз үшінші тарапқа жасырын хабарлауға қосымша мүмкіндігі бар.

Speak Up телефон желісі мен онлайн ақпараттандыру жүйесінің операторы этика және комплаенс саласындағы қызметтер нарығындағы көшбасшы – Safecall Limited тәуелсіз компаниясы болып табылады. Бұл қызмет тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн қолжетімді және телефон немесе Интернет арқылы жасалған хабарламалар үшін кез келген уақытта аударма қолжетімді.

Егер Жұмыскер мәселе туралы Speak Up телефон желісі арқылы хабарлағысы келсе, оған Ұлыбританияда 0800 915 1571, Қазақстанда 8800 3333 499, Қырғызстанда 0800 80 80 80 нөміріне қоңырау шалу немесе онлайн хабарлау керек [www.safecall.co.uk/report](http://www.safecall.co.uk/report) немесе келесі электрондық пошта арқылы [kazminerals@safecall.co.uk](mailto:kazminerals@safecall.co.uk). Телефонмен қоңырау шалу тегін.

Осы Саясатқа сәйкес көтерілетін барлық мәселелер компанияның бас комплаенс-офицеріне, Құқықтық бақылау бөлімінің бастығына және Корпоративтік хатшысына жеткізілетін болады, олар қажет болған жағдайда, бұл туралы KAZ Minerals Limited Басқарма Төрағасына, Директорлар Кеңесінің Төрағасына, Аудит жөніндегі Комитеттің Төрағасына немесе Kaz Minerals Limited ЕҚОҚЖТД комитетінің төрағасына хабарлайды.

**Жұмыскерлерге кейінгі тергеуді жеңілдету және оның нәтижелері туралы ақпарат алу үшін Speak Up қызметі арқылы хабарлама жіберген кезде олардың аты-жөні мен байланыс деректерін көрсету ұсынылады. Дегенмен, әрбір жұмыскер проблема туралы жасырын түрде хабарлауға құқылы.**

### **KAZ Minerals тарапынан жасалынатын іс-әрекеттер**

KAZ Minerals-тың негізгі мақсаты жұмыс орнында жосықсыз әрекеттерді, заңнаманы немесе ішкі нормативтік рәсімдерді бұзуды болдырмау болып табылады. Егер мұндай жағдай орын алса, KAZ Minerals-тың міндеті – бұл құбылысты жедел тоқтату және оның қайталануына жол бермеу.

Бастапқы тергеуден кейін, егер айтылған алаңдаушылық негізделген деп танылса, KAZ Minerals төмендегі шаралардың бірін немесе бірнешеуін қабылдай алады (тізбе толық емес):

- сұрақты тергеу нәтижелері мен ұсынылатын іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі баяндай отырып, жергілікті басшылыққа жіберу;
- сұрақты жергілікті қызметкерлерді басқару қызметіне немесе Топтың қызметкерлер жөніндегі директорына тергеу нәтижелері мен ұсынылған іс-қимылдарды егжей тегжейлі баяндай отырып жіберу;

- ресми ішкі тергеу жүргізу мақсатында мәселені Атқару комитетінің қарауына жіберу;
- техникалық маманға жүгіну;
- мәселені Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің немесе Kaz Minerals Limited ЕҚОЖТД комитетінің қарауына жіберу;
- осы мәселені одан әрі тергеу үшін тиісті сыртқы реттеуші органға жіберу.

Шағым жасырын түрде берілген немесе басқа ерекше жағдайлар болған жағдайларды қоспағанда, Жұмыскерге тергеу нәтижелері туралы тікелей немесе Safecall жүйесі арқылы хабарланады.

Мәлімделген мәселе бойынша тиісті тергеу жүргізілмеді немесе олар қанағаттанарлық жауап алмады деп есептейтін Жұмыскерлер өз сұрақтарын KAZ Minerals Limited компаниясының Аудит комитетінің төрағасына келесі мекенжай бойынша жазбаша түрде хабарлауға тиіс: 7<sup>th</sup> Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, Ұлыбритания немесе келесі телефон нөмірлері бойынша Safecall Limited 0800 915 1571 Ұлыбритания, Қазақстанда 8800 3333 499 немесе Қырғызстанда 0800 80 80 800, және олардың өтініштері қарастырылып, тексерілетін болады.

## **Құпиялылық**

Жұмыскер адал шағымданған жағдайда, заңгерлік кеңес алу үшін немесе заңдық немесе нормативтік міндеттемелерді орындау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, KAZ Minerals компаниясы оның жеке басы туралы ақпаратты ашпайды. Сонымен қатар егер тергеп-тексеру жүргізу мақсатында Жұмыскердің жеке басын ашу қажет болса, KAZ Minerals мұны Жұмыскердің алдын ала келісімін сұрау және алу және заңнаманың барлық тиісті талаптарын сақтау талабымен ғана жасай алады.

Мүмкіндігінше, ақпаратты ашуға қатысты барлық дәлелдер тұрақты негізде сенімді түрде сақталатын болады.

## **Тәртіптік жаза және өзге де шаралар**

Жосықсыз жұмыс, заңсыз іс-әрекеттер немесе кінәлі тұлғаларға қатысты заңнаманы немесе ішкі нормативтік құжаттарды бұзу фактісі расталған жағдайда, KAZ Minerals заңнамасына және/немесе ішкі саясаты мен қағидаларына сәйкес тиісті тәртіптік немесе өзге де шаралар қабылданатын болады.

Мәселе туралы адал хабарлаған Ішкі жұмыскерге қатысты кез келген жауап шаралары немесе қысым көрсету шаралары қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals-тың ішкі саясаты мен ережелеріне сәйкес тәртіптік немесе өзге де шараларын қолдануға әкеп соғады.

Егер Жұмыскер өзінің алаңдаушылығын адал түрде жарияласа, бұл кейінгі тергеумен расталғанына қарамастан, оған қатысты ешқандай шара қолданылмайды. Осыған қарамастан, кез келген зиянды немесе негізсіз айыптаулар қолданыстағы заңнамаға және KAZ Minerals ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес тәртіптік немесе басқа да тиісті шаралардың қолданылуына әкеп соғады.

**2019 жылғы 27 маусымда Директорлар Кеңесі бекітті**

(2018 жылғы қарашадағы алдыңғы нұсқасын жаңарту)